

Мурзалинова Алма Жакимовна* – доктор педагогических наук, профессор кафедры «Педагогика и психология», НАО «СКУ им. М. Козыбаева», Республика Казахстан 150000, Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Айыртауская, 17, кв. 34, +7 707 484 6639, M_alma60@mail.ru.

Оракова Амангуль Шахарбековна – кандидат педагогических наук, Казахский национальный педагогический университет им. Абая, +7 701 423 7792, Республика Казахстан, 050005 г. Алматы, ул. Гоголя, 25, кв. 34, amangul_orakova@mail.ru.

Омарова Меруерт Тобыловна – магистр педагогики, преподаватель Высшего колледжа имени М.Жумабаева, 8707 355 5607, mika14-01-13@mail.ru, Республика Казахстан, 150000 Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Гагарина 2, квартира 36.

Айтымова Айгуль Нұрлановна – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры «Педагогика и психология», НАО «СКУ им. М. Козыбаева», Республика Казахстан, 150000 Северо-Казахстанская область, г. Петропавловск, ул. Кизатова 9А, квартира 86. aitymova_aigul@mail.ru.

Murzalinova Alma Zhakimovna* – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of pedagogy and psychology, M.Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, 150000 Petropavlovsk, 17 Aiyrtauskaya Str., apt. 34, tel.: +7 707 484 6639, e-mail: M_alma60@mail.ru.

Orakova Amangul Shakharkbekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Abay Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty, 25 Gogol Str., apt. 34, tel.: +7 701 423 7792, e-mail: amangul_orakova@mail.ru.

Omarova Meruert Tобыlovna – Master of Pedagogy, Lecturer of the Magzhan Zhumabayev Higher College, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, 150000 Petropavlovsk, 2 Gagarin Str., apt. 36, tel.: 8707 355 5607, e-mail: mika14-01-13@mail.ru.

Aitymova Aigul Nurlanovna – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of pedagogy and psychology, M.Kozybayev North Kazakhstan University NPLC, Republic of Kazakhstan, North Kazakhstan region, 150000 Petropavlovsk, 9A Kizatov Str., apt. 86, e-mail: aitymova_aigul@mail.ru.

МРНТИ 14.29.29.

УДК 376.37

https://doi.org/10.52269/22266070_2023_4_206

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДЕ КӨРУ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ОЙЫН КЕШЕНІ АРҚЫЛЫ ДАМУЫ

Мурзатаева А.К.* – психология магистрі, оқытушы-сарапшы, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Абильдинова С.С. – педагогика және психология білім беру бағдарламасының магистранты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы.

Кударина А.С. – педагогика ғылымдарының магистрі, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды қ., Қазақстан Республикасы.

Нұрмағамбетова Б.А. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жоғары педагогика мектебінің профессоры, Павлодар қ. Қазақстан Республикасы.

Мақалада инклюзивті білім беру жағдайында көру бұзылыстары бар балалардың сөйлеу әрекетін әр түрлі ойын технологиялары арқылы дамыту көрсеткіштерін талдау нәтижелері көрсетілген. Көру бұзылыстары бар балалардың сөйлеу тілінің дамуы жас ерекшелік заңдылықтарымен, оқу бағдарламасының мазмұнымен, қоршаған ортаның мәдени деңгейімен тікелей байланысының маңыздылығы танылады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі жастағы баланың жетекші іс-әрекеті ретінде ойын көру қабілетінде бұзылыстары бар балалардың сөйлеу әрекетін дамытуға, әлеуметтік мәселелерін шешуге, қоғамға енуіне және қарым-қатынастың өзіне де жағымды әсер береді деп болжауға болады. Кез келген жаста сөйлеу тілінің бұзылуы танымдық іс-әрекеттің және адамның әлеуметтік бейімделу мүмкіншелігін шектейді. Алынған нәтижелер көру бұзылыстары бар балалардың берілген материалды табысты игеруіне зор септігін тигізетінін байқатты. Авторлар инклюзивті білім беру жағдайында түзету жұмысын оңтайлы жүргізуге, көру бұзылыстары бар балалардың сапалы оқуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру үшін бірқатар ұсыныстар мен практикалық шешімдерді ұсынады. Мақала педагогикалық қоғам үшін

маңызды тәжірибелік мәнге ие, себебі инклюзивті білім беру жағдайында оңтайлы ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: көру бұзылыстары, сөйлеу бұзылыстары, ойын технологиялары, логопедия, мектепке дейінгі жас, ерекшеліктер, артикуляция.

РАЗВИТИЕ РЕЧЕВОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ДЕТЕЙ С НАРУШЕНИЯМИ ЗРЕНИЯ ЧЕРЕЗ ИГРОВОЙ КОМПЛЕКС В ИНКЛЮЗИВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Мурзатаева А.К. – магистр психологии, преподаватель-эксперт высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар.*

Абильдинова С.С. – магистрант образовательно программы педагогика и психология, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар.

Кударина А.С. – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры специального и инклюзивного образования Карагандинского университета имени Е.А.Букетова, г.Караганды.

Нурмагамбетова Б.А. – кандидат педагогических наук, профессор высшей школы педагогики, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар.

В статье представлены результаты анализа показателей развития речевой деятельности детей с нарушениями зрения в условиях инклюзивного образования с помощью различных игровых технологий. Авторами экспериментально доказывается наличие прямой связи речевого развития детей с нарушениями зрения с возрастными закономерностями, содержанием учебной программы, культурным уровнем окружающей среды. Наряду с этим представлены результаты, основанные на том, что игра, являясь ведущей деятельностью ребенка дошкольного возраста, оказывает положительное влияние на развитие речевой деятельности детей с нарушениями зрения, способствует решению социальных проблем включения их в общество. В любом возрасте нарушения речи ограничивают познавательную деятельность и способность человека к социальной адаптации. Полученные результаты свидетельствуют о том, что дети с нарушениями зрения успешно усваивают разработанный игровой материал. Авторы предлагают ряд рекомендаций и практических решений для оптимального проведения коррекционной работы в условиях инклюзивного образования, создания благоприятной образовательной среды, способствующей качественному обучению детей с нарушениями зрения. Статья имеет важное практическое значение для педагогического общества, поскольку позволяет создать оптимальную среду в условиях инклюзивного образования.

Ключевые слова: нарушение зрения, нарушение речи, игровые технологии, логопедия, дошкольный возраст, особенности, артикуляция.

DEVELOPMENT OF SPEECH ACTIVITY OF THE VISUALLY IMPAIRED CHILDREN IN THE CONTEXT OF INCLUSIVE EDUCATION USING VARIOUS GAMING TECHNOLOGIES

Murzatayeva A.K. – Master of Psychology, Lecturer-expert of the Higher School of Pedagogy, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan.*

Abildinova S.S. – Master student, Pedagogy and psychology program, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan.

Kudarinova A.S. – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of special and inclusive education, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan.

Nurmagambetova B.A. – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of the Higher School of Pedagogy, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan.

The article presents findings from an analysis of speech development indicators in children with vision impairments within the context of inclusive education using various gaming technologies. The authors experimentally establish a direct correlation between the speech development of visually impaired children, age-related patterns, the curriculum content, and the cultural environment. Furthermore, the article reports results that suggest that play, being the primary activity for preschool children, positively influences the speech development of visually impaired children and addresses social inclusion challenges. Speech impairments limit cognitive activities and a person's ability to adapt socially at any age. The results obtained indicate that visually impaired children effectively absorb the developed gaming materials. The authors put forward a series of recommendations and practical solutions for the optimal implementation of corrective measures within the framework of inclusive education, fostering a favorable educational environment that enhances the quality of learning for visually impaired children. This article is of significant practical value for the educational community, as it aids in creating an optimal environment in the context of inclusive education.

Key words: *vision impairment, speech impairment, gaming technology, speech therapy, preschool age, special needs, articulation.*

Кіріспе

Бүгінгі күні балаларға қатысты басым міндеттердің бірі, атап айтқанда Кударина А.С., Аутаева А.Н. мәлімдегендей, арнайы білімді қажет ететін баланың жеке ерекшеліктерін ескере отыра, дамытуға, тәрбиелеуге және білім алуына кепілдік беретін құқықтарды қамтамасыз ету болып табылады [1, 146 б.]. Мурзатаева А.К. көзқарасы бойынша, мектепте табысты оқу үшін бала белгілі бір жеке және физикалық қасиеттерге, танымдық және тілдік икемдерге: дыбысты дұрыс айту, жеткілікті фонематикалық есту қабілеті мен қатынас машықтарына ие болуы тиіс. Бұл мәселені шешу еліміздің мақсатты саясаты және өзекті жалпыадамзаттық мәселе болып табылады [2, 212-219 Б.]. Сонымен қатар зерттеуші Турлубекова М.Б. инклюзивтік ортаны құрастыру әдістемесі мәселесіне басым назар аударып жатыр [3, 90 б.]. Зерттеуші Мовкебаева З.А. Қазақстан Республикасында инклюзивтік білім беру мәселесін ашып, осы проблеманы шешу жолында «ен алдымен қоғамдағы қабылдау психологиясын қайта құру керек» екені туралы айтады [4, 10 б.].

Еліміздің соңғы статистикалық көрсеткіштеріне сүйенсек соңғы жылдары сау балалардың дүниеге келу үлесі 48,3%-дан 26,5-36%-ға төмендеді. Бүгінде жаңа туған нәрестелердің 80% физиологиялық жетілмеген статуска ие, ал 86%-дан астам балаларда орталық жүйке жүйесінің перинаталдық патологиялары кездеседі, сонымен қатар көру қабілетінде бұзылыстары бар балалар санының тұрақты өсуі байқалады. Тіпті шамалы қолайсыз шарттардың пайда болу факторлары көру мәселелерін тудырады, ол көру қауіпі бар балалар санының көбеюіне әкеледі.

Мовкебаева З.А. зерттеулеріне сүйенсек, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту үшін арнайы құралдар мен әдістерді қолданған жөн. Қазіргі уақытта психологиялық-педагогикалық әдістемелердің, әдістер мен тәсілдердің тиімді және әмбебап әзірленуі жеткіліксіз дамыған, сондықтан сынақтар мен қателіктер әдіснамасын қолданған дұрыс. Егер бір әдіс немесе тәсіл өз қызметін атқармаса, оны алмастырып басқа, неғұрлым қолайлы әдіс қолданылуы керек [5, 47-55 Б.].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы берген мәліметтерге сүйенсек, әлемде әр бес секунд сайын бір ересек адам, әр минут сайын бала соқыр болады. Көру қабілетінің бұзылуы баланың психикалық дамуына айтарлықтай әсер етеді:

- 1) Ойлау операциялары мен есте сақтау процестерінің тежелуіне;
- 2) Қозғалу процесінің шектелуі мен координацияның бұзылуына;
- 3) Мінез-құлық ерекшеліктеріне (агрессия, ызақорлық, тұйықталу);
- 4) Ойын барысында, құрдастар мен ересектермен қарым-қатынас орнату қиындықтары;
- 5) Қарқыны, дәлдігі мен саралануы бойынша қабылдаудың нормадан ауытқуы;
- 6) Диалогтік және тұлғааралық қарым-қатынас процестерін бұзатын төмен ниеттілік пен бастамашылдық;
- 7) Өздігінен қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру қиындықтары;
- 8) Сөйлеу тілі дамуындағы екінші реттік ауытқулардың пайда болуы.

Л.С. Выготский, Л.И. Плаксина, Л.И. Солнцева зерттеулерінде баланың психикалық дамуына, эмоционалды-ерік саласына, жеке тұлғалық қасиеттеріне кері әсері ерекшеленеді.

М.И.Земцова, Л.И. Плаксина, Л.А. Григорян, Г.А. Якунин айтуынша, көру бұзылыстары бар балалар суреттер мен заттарды тануда пішіні мен көлемін қабылдауда қиындықтарға тап болады. Оның басты себебі – көру өрісінің тарылуы, көріністің контурдан сырғып кетуі, көру қозғалысы бағытының жиі өзгеруі. Көру бұзылыстары бар балалардың көпшілігінде қызыл, көк, жасыл түстерді қабылдау қарқындылығының төмендеуі белгілі, яғни контрасттың сараланған сезімталдығы бұзылған. Осыған байланысты балалар жалпы фоннан төмен контрастты және қара-ақ түсті кескіндерді жеткілікті түрде ерекшелік алмайды [6, 2 б.].

В.К. Ивакова зерттеулері көрсеткендей, көру бұзылыстары бар балалардың 30% дыбыс айтудың барлық түрлері, фонекалық-фонематикалық жетілмеушілік, жалпы сөйлеу тілінің жетілмеуі байқалады [7, 37 б.].

Kosnik C., Beck C., Goodwin A. Lin көрсеткендей, балаларды оқыту барысында олардың жеке ерекшеліктерін потенциалды мүмкіндік деп қарауға тура келеді. Көру арқылы қабылдаудың дамымауына байланысты көру бұзылыстары бар балаларда сөйлеу тілінің дамуының өзіндік ерекшеліктері көрінеді [8, 37 б.]. Түзету сабақтары барысында логопедиялық әсер жалпы қабылданған әдістер жүйесімен іске асырылады – тәжірибелік, көрнекі, ауызша. Вербалды көріністердің қалыптасуын болдырмау үшін ауызша әдістер көрнекі және тәжірибелік әдістермен біркелкі қолданылады. Демек, көру бұзылысы бар балалада ойын әрекеті кеш қалыптасуына байланысты логопедтің түзету сабақтары ойын түрінде және ойын құралдарында іске асырылады. Дидактикалық және басқа да құралдар көру патологиясына сәйкес таңдап алынады. Зерттеуші Фуряева, Т. В. Айтуынша, «қандай да жаңа оқыту моделін әзірлемек бұрын баланың физиологиялық ерекшеліктерін ескерту керек» [9, 25 б.].

Зерттеу мақсаты

Инклюзивті білім беру жағдайларында көру бұзылыстары бар балалардың сөйлеуін ойын кешеннің қолданылуымен дамыту жолдарын анықтау. Зерттеу мақсатына жету үшін бірқатар міндеттер шешіліген. Олар: теориялық әрекеттер негізінде ойындар арқылы көру бұзылыстары бар бала сөйлеуін дамытуда әр түрлі логопедиялық бағыттарды қолданудың беретін жағымды әсері толығымен ашу; аталған проблеманы шешу үшін эксперименталдық жұмыстарын жүргізу; мектепке дейінгі жастағы әр түрлі деңгейдегі көру бұзылысы бар балалардың логопедиялық жүктемелерді орындау мүмкіншіліктерінің диагностикасы сипаттау; *көру бұзылыстары бар балалардың сапалы оқуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құру үшін бірқатар ұсыныстар мен практикалық шешімдерді ұсыну.*

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу базасы ретінде «Павлодар қаласының №82 арнайы сәбилер бақшасы» КМҚК, Астана қаласындағы «Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы» КеАҚ айқындалды. Зерттеуге көру бұзылыстарының әр түрлі деңгейлері диагнозы бар 10 бала қатысты. Зерттеу жұмысы 2023 жылдың мамыр – қазан айлары аралығында жүргізілді.

Мақсаты: әр түрлі деңгейдегі көру бұзылысы бар мектепке дейінгі жастағы балалардың логопедиялық жүктемелерді орындау қабілетінің орындау қалпын зерттеу.

Диагностикалық зерттеудің міндеттері:

- мектепке дейінгі жастағы көру бұзылысы бар балалардың сөйлеу әрекетінің даму деңгейін анықтау;

- эксперимент мақсатында, балалармен түзету жұмысында әр түрлі бағыттағы логопедиялық жұмыстар кешенің тағайындау;

- сонымен қатар, эксперименталдық зерттеу нәтижелерінің салыстырмалы анализін анықтауға бағытталған екінші реттік диагностиканы жүргізу.

Эксперименталдық жұмысқа мектепке дейінгі жастағы әр түрлі деңгейдегі көру бұзылыстары бар 5 бала қатысты. Практикалық зерттеу жұмысы бірнеше этапты қамтиды.

Бірінші этапта айғақтайтын эксперимент жүргізілді, ол балалардың логопедиялық әрекеттерді жасау кезіндегі бастапқы қалпын анықтауға бағытталған.

Екінші этапта мектепке дейінгі жастағы балаларға логопедиялық жұмыстар кешені таңдап алынды.

Ал соңғы этапта эксперименталдық топ балаларына ойын үдерісі кезінде логопедиялық жұмыстарды қолданудың методикасын апробациялау жүргізілді.

Біз ересек топтағы көру бұзылыстарының әр түрлі деңгейі бар, 5 және 6 жастағы аралықты қамтитын 5 бала («Павлодар қаласының №82 арнайы сәбилер бақшасы» КМҚК) және 5 бала (Астана қаласындағы «Балаларды оңалтудың ұлттық орталығы» КеАҚ) эксперименттік жұмысты жүргіздік. Экспериментке қатыстырылған балалар тізімі 1- кестеде көрсетілген.

Кесте 1 – Эксперименталдық жұмысқа қатысқан балалардың тізімі.

№	Баланың аты-жөні	Туған жылы	Тобы
1	Ж	2018 ж.	Ересек тобы
2	А	2018 ж.	Ересек тобы
3	К	2018 ж.	Ересек тобы
4	М	2018 ж.	Ересек тобы
5	Т	2018 ж.	Ересек тобы
6	Б	2018 ж.	Ересек тобы
7	Д	2018 ж.	Ересек тобы
8	Е	2018 ж.	Ересек тобы
9	И	2018 ж.	Ересек тобы
10	Н	2018 ж.	Ересек тобы

Кестеде көрсетілгендей, экспериментке 10 бала қатыстырылды, балалар ересек тобына жатады, жасы 4-5 шамасында, 8 ұл бала және 2 қыз бала.

Барлық балалар жалпы сөйлеудің дамымауының әр түрлі деңгейлерімен шартталған, сөйлеудің айтылу жағынан қиыншылықтарды көреді. Осыған орай, біз диагностикалық методикаларды бұзылысқа сай таңдап алдық. Балаларды зерттеу И.Д. Коненкованың «Обследование речи дошкольников. Методика обследования» әдістемесіне негізделі жүргізілді. Диагностикалық материал Л.С. Выготский және басқа ғалымдармен жасалған (С.Я. Рубинштейн, А.Р. Лурия, А.Н. Леонтьев) негізгі диагностикалық қағидаларды ескере қолданылған:

- жүйелі зерттеу принципі;
- кешенді жақындау принципі;

- динамикалық зерттеу принципі (Л.С. Выготскийдің «актуалды және жақыннан даму аймағы» концепциясы базасында;

- зерттеу нәтижелерінің сапалы анализі принципі.

Баланы зерттеуден бастама бұрын келесі жұмыстар жүргізілді:

- медициналық құжаттарды қарастыру;
- сөйлеу тілінің бастапқы дамуының мәліметтері;
- ата-анасы және үйдегі сөйлеу ортасы туралы мәліметтер жинастыру;
- психологиялық-педагогикалық зерттеу мәліметтерінің анализін жүргізу.

Балаларды қарау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. Тыныс жаттығуы;
2. Артикуляциялық гимнастика жасау дағдыларын зерттеу;
3. Ұсақ моториканы зерттеу;
4. Сөздік қорды зерттеу.
5. Сөйлеу жағдайын модульдік әдістер арқылы зерттеу.

Балаларды тексеру барысында келесі бағалау критерийлері қолданылды:

0 – төмен;

1 – орташа;

2 – жоғары.

Әрі қарай негізгі зерттеу жұмысы жүргізіледі, көрсеткіштері төменде берілетін болады.

Қазіргі уақытта елімізде инклюзивтік білім беру жүйесінде жаңа модельдерді әзірлеу, жаңа әдістемелерін ұсыну жұмыстары жүргізілуде. Олардың ішінде Испамбетова Г.«инклюзивті ортаны құру адамдардың белгілі бір тобының дамуына жағдай жасауға ықпал етеді және тұтастай алғанда жаңа толерантты қоғамның қалыптасуына ықпал етеді» деп тұжырымдайды [10, 514 б.].

1 Тыныс жаттығуы қалпын зерттеу.

Тыныс жаттығуларды орындау көлемін тексеру барысында балаға айналмалы гүлді үрлеу, үстел үстінде ұсақ машинаны қашықтыққа үрлеу және мақтаны мұрын қуысы мен ерін арасына қойып биіктікке үрлеу ұсынылды. Тыныстау көлемін зерттеу бойынша көрсеткіштер 2- кестеде көрсетілген.

Кесте 2 – Тыныстау көлемін зерттеу бойынша көрсеткіштер

№	Баланың аты-жөні	Жүктемені орындау		Орташа баға	Деңгейі
		Уақытқа байланысты	Сапаға байланысты		
1	Ж	0	1	1	Төмен
2	А	1	0	1	Төмен
3	К	1	2	3	Орташа
4	М	0	0	0	Төмен
5	Т	1	1	2	Төмен
6	Б	1	1	2	Төмен
7	Д	2	1	3	Орташа
8	Е	1	0	1	Төмен
9	И	1	1	2	Төмен
10	Н	0	1	1	Төмен

Кестеде көрсетілгендей, балалардың көрсеткіштері әртүрлі, олардың ішінде: 8- төмен, 2- орташа.

2. Артикуляциялық аппарат қалпын зерттеу.

Берілген барлық жүктемені бала алғашқыда көрсету арқылы, кейін сөздік инструкция бойынша орындайды.

1. Тісін ақситу, тілін сыртқа шығару, азуын кең ашу.

Белгілеу: орындалуы дұрыс; бір қимылды басқасымен алмастыру байқалады, бір қозғалыста кідіріп қалу, қимылдарды жасау кезінде дифференциацияның болмауы, тілдің қаттылығы, тілдің треморы, қимылдар мүлдем орындалмады; бір фонемадан басқасына, бір артикуляциялық позадан басқасына ауысу жеңіл орындалады немесе жоқ.

2. Аузын кең ашып, тілдің ұшын астыңғы тістерге тигізеді, кеін тілдің ұшын жоғарғы тістерге тигізеді және төменгі ерінге түсіреді.

3. Жалпақ тілді ерінге қойып «кесе» тәрізді тілдің ұшын жоғары көтіреді.

4. «а» дыбысын айту кезіндегідей аузын кен ашу, еріндерін созып жымию.

5. Аузын кен ашу, жартылай жабуды және жабуды өтінеміз.

6. Дыбыстық немесе сөздік қатарды қайталауды өтінеміз: А-И-У; У-И-А; КА-ПА-ТА; РА-РО-РУ; ПА-ТА-РА; РАЛ-ТАР-ЛАР; БАР-КЕЛ-ТЕР. Артикуляциялық аппараттың қозғалыс функциясын зерттеп, алынған нәтижелер 3- кестеде көрсетілген.

Кесте 3 - Артикуляциялық аппараттың қозғалыс функциясын зерттеп, алынған нәтижелері

№	Баланың аты-жөні	Жүктемелер				Сомасы	Деңгейі
		Еріндері	Жақ сүйектері	Тіл	Жұмсақ таңдай		
1	Ж	1	0	2	1	4	Орташа
2	А	1	0	1	0	2	Төмен
3	К	1	1	1	0	3	Төмен
4	М	0	0	1	1	2	Төмен
5	Т	1	0	0	1	2	Төмен
6	Б	1	1	1	0	3	Төмен
7	Д	1	1	1	1	4	Орташа
8	Е	1	0	1	0	2	Төмен
9	И	1	1	0	0	2	Төмен
10	Н	1	1	1	0	3	Төмен

Кестеде көрсетілгендей, балалардың көрсеткіштері төмен және орташа. Атап кеткендей, 8-төмен, 2- орташа.

3. Ұсақ моториканы зерттеу.

Балалардың моторикасын тексеру барысында балаларға әр түрлі тапсырмалар берілді. Ең алдымен, баланың қашықтықтан допты ұстау дағдысы тексерілді. Саусақ жаттығуы кезінде «Амандасу» жаттығуын жасау ұсынылды:

Сәлем, ата,
Сәлем, әже.
Сәлем, әке,
Сәлем ана.
Сәлем, (баланың есімі),

Сәлем, менің отбасым! (бала екі қол саусақтарын бір-біріне түйістірде, соңында қолдарын жұдырықтайды).

«Су-Джок» технологиясы арқылы жұмыста балаға әр түрлі қол және саусақ массажы қимылдар көрсетілді, бала ол қимылдарды есте сақтап тиянақты орындау қажет. Жаттығуды орындау барысында келесі өлеңді қайталап айту ұсынылды:

Добым менің домалақ,
Тоқтамайсын домалап.
Үстел үстін бүлдірдің,
Төрелкені сындырдың.
Теңтек болып кеттін деп,
Тұрмын сені тепкім кеп.

Қолдың ұсақ және нәзік моторикасын зерттеу нәтижелері 4- кестеде көрсетілген.

Кесте 4 – Қолдың ұсақ және нәзік моторикасын зерттеу нәтижелері

№	Баланың аты-жөні	Жүктемені орындау			Орташа баға	Деңгейі
		Саусақ жаттығулары	Доппен ойындар	Саусақ театры		
1	Ж	0	1	0	1	Төмен
2	А	1	0	0	1	Төмен
3	К	1	2	1	4	Орташа
4	М	0	0	0	0	Төмен
5	Т	1	1	0	2	Төмен
6	Б	1	1	0	2	Төмен
7	Д	1	0	0	1	Төмен
8	Е	2	1	1	4	Орташа
9	И	1	0	0	1	Төмен
10	Н	1	1	0	2	Төмен

Кестеде көрсетілгендей, 8 баланың көрсеткіші төмен, 2 баланың көрсеткіші орташа.

4. Сөздік қорды зерттеу.

Номинативті сөздік қорын зерттеу.

Балаларға келесі тақырыптар бойынша заттық суреттерді атау ұсынылды:

- Ойыншықтар: барабан, қуыршақ, көлік, кубиктер, доп;
- Киімдер: белдемше, шалбар, көйлек, жемпір, күртеше;
- Жиһаз: үстел, шкаф, диван, кресло, кереует;
- Ыдыстар: шайнек, тәрелке, кесе, қасық, кастрөл;
- Жануарлар: ит, мысық, сиыр, аю, қоян.

Әр берілген дұрыс жауапқа 1 балл беріледі.

Номинативті сөздік қорын зерттеу бойынша көрсеткіштер 5- кестеде көрсетілген.

Кесте 5 – Номинативті сөздік қорын зерттеу бойынша көрсеткіштер.

№	Баланың есімі	Үлгілерді орындау					Барлығы
		Ойыншық	Киімдер	Жиһаз	Ыдыстар	Жануар	
1	Ж	2	1	1	2	2	8
2	А	2	2	1	1	2	8
3	К	2	1	1	1	2	7
4	М	2	2	1	2	2	9
5	Т	2	1	1	1	1	6
6	Б	2	2	1	1	2	8
7	Д	2	1	1	1	1	6
8	Е	1	1	1	0	1	4
9	И	2	1	1	1	1	6
10	Н	1	1	1	1	1	5
	Барлығы	18	13	10	11	15	67

Кестеде көрсетілгендей, балаларда сөздік қоры барлық салалар бойынша шектелген. Әсіресе, жиһаз (10 жауап) тақырыбы бойынша балалар үйде орналасқан заттарды айтуда қиналады.

5. Модульдік әдістер арқылы жұмысты тексеру нәтижелері

Сөйлеу жағдайын модульдік технологиялар арқылы тексеру барысында балаға алдымен тірек-сызба арқылы затты сипаттау ұсынылды. Сипаттауда келесі пункттер болды:

- Заттың атауы;
- Заттың көлемі;
- Заттың түсі;
- Заттың пішіні;
- Жасалу материалы;
- Орындалатын манипуляциялар.

Келесі тапсырма тірек-сызбада берілген белгілер арқылы сөйлем құрастыру және соңғысы, мнемокесте арқылы өлең жолдарын жаттау. Модульдік әдістер арқылы жұмысты тексеру нәтижелері 6- кестеде көрсетілген.

Кесте 6 – Модульдік әдістер арқылы жұмысты тексеру нәтижелері.

№	Баланың аты-жөні	Модульдік технологиялар			Орташа баға	Деңгейі
		Затты сипаттау	Сөйлем құрастыру	Өлең жаттау		
1	Ж	1	1	0	2	Төмен
2	А	1	0	0	1	Төмен
3	К	1	1	1	2	Орташа
4	М	1	0	0	1	Төмен
5	Т	1	1	0	2	Төмен
6	Б	1	0	1	2	Төмен
7	Д	1	0	1	2	Төмен
8	Е	1	1	1	3	Орташа
9	И	1	0	1	1	Төмен
10	Н	1	1	0	2	Төмен

Кестеде көрсетілгендей, 8 баланың көрсеткіші төмен, 2 баланың көрсеткіші орташа.

Нәтижелер мен Талқылаулар

Оқу жылы ағымында әр түрлі логопедиялық түзету сабақтары жоспар негізінде өткізілді. Сабақ барысында тыныс жаттығуы, артикуляциялық гимнастика, саусақ жаттығулары, әр түрлі ойындар және

т.б. бағыттар қолдаңылды. Жасалған жұмыстың нәтижелігін зерттеу бағытында екінші реттік диагностика өткізілді және келесідей көрсеткіштер анықталды.

Түзету сабақтарының жоспар-конспектiсi эксперименттік топқа жеке құрылды. Бір перспективтік-тақырыптық жоспар бойынша жұмыс істетiтiн екі немесе бірнеше топтар үшін бір сабақ конспектiсiн қолдануға болады.


Сабақтардың күнделікті жоспарларында сабақтың өткізу күні, сабақтың тақырыбы (перспективтік-тақырыптық жоспармен сәйкес келуі керек), мақсаттары мен міндеттері (білімділік, түзетушілік және тәрбиелік), сабақ барысында қолданылған құрал-жабдықтар (көрнекіліктер, ойындар, дидактикалық материал) көрсетiледi. Жұмыс кезеңдерiне байланысты лексикалық қатарды, байланыстырып сөйлеу, фонематикалық жақты және грамматикалық қатарды қалыптастыру мен жетiлдiру бойынша жұмыстың көлемi ауысып отырады.

Түзету сабақтары барысында сөйлеу әрекетiнде пайда болатын тiлдiк тыныс алудың маңызды ерекшелiгiн атап өткен жөн. Тыныс алу жаттығуларының негiзгi мақсаты – коррекциялық сабақтар барысында баланың тiлдiк тыныстау әрекетiн дамыту. Бірінші жаттығулар дене бiтiмiн дұрыс қалыптастыруға арналады: тiлдiк тыныс алу өз жолдарында бұлшық еттердiң кедергiлерiне, қыспаққа ұшырамауы керек. Егер бала иық және мойын бұлшық еттерiне қысым түсiрмесе, басты тiк және бос ұстаса, дұрыс қалыпта тұрса немесе отырса, еркін тыныс алып, сөлеу әрекетi дұрыс жасайды.

Бала мен бала коллективiнiң дамуында мектеп жасына дейiнгi балалар iс-әрекетiнiң негiзгi түрi – ойын орасан зор мiндет атқарады. Ойынның негiзгi ерекшелiктерi ол балалардың қоршаған өмiрдi – адамдардың қимылын, iс-әрекеттерiн, олардың бала қимылынан туған жағдайдағы қарым-қатынасын бейнелеуi болып табылады.

Балалар жағдайға ойынның өздерi ойлаған түпкi ниетi мен мазмұнына лайықты маңыз бередi. Ойынның бұл сипаты оны балалар iс-әрекетiнiң басқа барлық түрлерiн өзгеше етедi және бiр мөлшерде өнермен, шындықты бейнелеп, көрсетумен жақынастырады.


Шын әрекеттердi ойында қайталап жеткiзу оны дәлме-дәл көшiру, айнадаығдай бейнелеу емес, балалар шын жағдайдың барлық нақты жақтарымен, уақытпен, әрекеттердiң қатаң дәйектiлiгiмен шектелмейдi. Тыныстау көлемiн зерттеу бойынша салыстырмалы мәлiметтер төменгiде көрсетiлген (1-сур.).



Сурет 1 – Тыныстау көлемін зерттеу бойынша салыстырмалы мәліметтер

Жоғарыдағы суретте көрсетiлгендей, балаларда тыныстау қабiлетi жоғарылады. Балалармен тыныс алу, соның iшiнде мұрынмен тыныс алу жаттығулары жиiқолданды. Жүйелi жұмыс нәтижесiнде ауа ағының жасау қарқыны ұлғайды.

Зерттеу барысында артикуляциялық аппарат қалпын зерттеу бойынша салыстырмалы мәлiметтер алынды (Сурет 2).




Сурет 2 – Артикуляциялық аппарат қалпын зерттеу бойынша салыстырмалы мәліметтер

Жоғарыда көрсетілгендей, артикуляциялық аппараттың қозғалыс функциясын зерттеу балаларда өзгерістер болғанын салыстыру нәтижелері көрсетті. Эксперименталдық топта бет мускулатурасына қатысты жаттығулар жасауда қиындықтар көретіні және мимикалық позыны орындауда төмен көрсеткіштер анықталды.

Саусақ жаттығулары логопед пен бала арасында қарым-қатынасты нығайтып, жазуға, қолмен әр түрлі манипуляцияларды орындауға дағдыландырады.


Ұсақ моториканы зерттеу бойынша салыстырмалы мәліметтер алынды (3 Сурет).



Сурет 3 – Ұсақ моториканы зерттеу бойынша салыстырмалы мәліметтер.

Жоғарыда көрсетілгендей, саусақ жаттығулары логопед пен бала арасында қарым-қатынасты нығайтып, жазуға, қолмен әр түрлі манипуляцияларды орындауға дағдыландырады.

Балалардың берген жауаптарының бейнелік көрінісін, келесі суреттен көруге болады. (4 Сурет)



Сурет 4 – Сөйлеу жағдайын тексеру бойынша салыстырмалы мәліметтер.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ұсынылған ойындар нәтиже берді.

Қорытынды

Өткізілген тәжірибе жүргізілген коррекциялық жұмыстың нәтижелілігін көрсетті. Дұрыс таңдалған логопедиялық бағыттардың жүйесін түзету жұмысының уақытын үнемдеуге және тиімді қолдануға мүмкіндік жасайы. Әр түрлі логопедиялық тәсілдерді пайдалану көру бұзылыстары бар балалардың фонематикалық есту, сөздік қор, дыбыс айту дағдылары бойынша жоғары өзгерістерді байқатты. Сабақтар барысында тыныс жаттығуын, артикуляциялық жаттығу, сауасақ ойындары, дидактикалық ойындар, доппен ойындар, мнемотехника және т.б. көптеген әдістер нәтижені ұзақ күттірмеді. Түзету жұмысының соңында жоспар бойынша екінші реттік диагностика өткізілді. Балалар барлық параметрлер бойынша динамикалық өзгерістер көрсете алды. Эксперименттік топ балаларында тыныстау көлемі, артикуляциялық аппарат қалпы, ұсақ моторика және баланың заттық сөз қоры айтарлықтай артты, сонымен қатар байланыстырып сөйлеуде балалар жай сөйлемдер құрастыру деңгейіне көтерілді.

Осылайша, түзету сабақтары барысында тыныс жаттығуын, артикуляциялық жаттығу, сауасақ ойындары, дидактикалық ойындар, доппен ойындар, мнемотехника және т.б. көптеген әдістерді жүйелі түрде қолдану көру бұзылыстары бар балалардың сөйлеу әрекеті дамуына тиімді әсерін береді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **Kudarinova A., Autaeva A., Paylozyan Zh., Rymkhanova A.** Readiness of Pre-Service Teachers to Implement Inclusive Education. [Мәтін] / A.Kudarinova, A.Autaeva, Zh.Paylozyan, A.Rymkhanova // Wisdom.№1(25), 2023. P.145-155.
2. **Мурзатаева А.К.** Болашақ педагогтардың педагогикалық университетте оқуға деген ынтасын талдау [Мәтін] / А.К. Мурзатаева, Г.М. Сулейменова, Б.А. Нурмагамбетова, Б.Е. Кильдибекова // Педагогика ҒЫЛЫМДАРЫ. - 2023. – №2. – 212-219 Б.
3. **Турлубекова М.Б., Бугубаева Р.О.** Қазақстандағы инклюзивті білім беру: ұйымдастыру процесін және оны одан әрі дамыту мүмкіндігін талдау [Мәтін] / М.Б. Турлубекова, Р.О. Бугубаева // Central Asian Economic Review. 2021 (3):89-109.
4. **Мовкебаева З.А.** Қазақстан Республикасындағы инклюзивті білім: мәселелері мен болашағы [Мәтін]: монография / З.А. Мовкебаева – Алматы: ИП «Сагаутдинова» – 2019. – 190 б.
5. **Мовкебаева З.А.** Инклюзивті білім берудегі арнайы педагогтың құзыреті [Мәтін] / З.А. Мовкебаева, Б.А. Дюсенбаева // Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің Хабаршысы № 1(85), 2021. – 47-55 Б.
6. **Орлова Н.** Ойын барысында көру қабілеті бұзылған мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселелері [Мәтін] / Н. Орлова // Концепт. – 2015. – № 9. –1-8 Б.
7. **Орлова Е.В.** Көру қабілеті бұзылған балалардың сөйлеу дамуының ерекшеліктері [Мәтін] / Е.В. Орлова // Специальное образование. 2004. №2 – 36-38 Б.
8. **Kosnik C., Beck C., Goodwin A.** Lin. Reform Efforts in Teacher Education. [Мәтін] / C. Kosnik, C. Beck, A. Goodwin // International Handbook of Teacher Education. – 2016. – Vol.1.P. 267-308.

9. **Фуряева, Т.В.** Инклюзивті білім беру модельдері: жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы [Мәтін] / Т. В. Фуряева. 2-е изд., перераб. и доп. – Москва : Издательство Юрайт, 2023. – 176 б.

10. **Ispambetova, G., Alimkhanov, Y., Madiyeva, G., Sabyrbekova, L., Shepetyuk, N., Adilzhanova, M., Khokhlov, A.** Accessibility of inclusive higher education through the eyes of students with disabilities [Мәтін] / G. Ispambetova, Y. Alimkhanov, G. Madiyeva, L. Sabyrbekova, N. Shepetyuk, M. Adilzhanova, A. Khokhlov // *Astra Salvensis*, (2018) 6 (1), pp. 505-515.

REFERENCE:

1. **Kudarinova A., Autaeva A., Paylozyan Zh., Rymkhanova A.** Readiness of Pre-Service Teachers to Implement Inclusive Education. *Wisdom*, 2023, no.1(25), pp.145-155.

2. **Murzataeva A.K., Suleimenova G.M., Nurmagambetova B.A., Kildibekova B.E.** Bolashak pedagogtardyn pedagogikalyk universitette okuga degen yntasyn taldaу [Analysis of the motivation of future educators to study in a pedagogical university]. *Pedagogika GYLYMDARY*, 2023, no.2, pp. 212-219. (In Kazakh).

3. **Turlubekova M.B., Bugubaeva R.O.** Inklyuzivnoe obrazovanie v Kazahstane: analiz processa organizatsii i vozmozhnosti dal'nejshego ego razvitiya [Inclusive education in Kazakhstan: analysis of the organization process and prospects for its further development]. *Central Asian Economic Review*, 2021 (3), pp. 89-109. (In Russian).

4. **Movkebaeva Z.A.** Kazakstan Respublikasyndagy inklyuzivti bilim: maseleleri men bolashagy [Inclusive education in the Republic of Kazakhstan: problems and prospects]. Almaty, Individualny' Predprenimatel' «Sagautdinova», 2019, 190 p. (In Kazakh).

5. **Movkebaeva Z.A., Dyusenbaeva B.A.** Kompetencii special'nogo pedagoga v inklyuzivnom obrazovanii [Competence of a specialized teacher in inclusive education]. *Vestnik Kazahskogo nacional'nogo zhenskogo pedagogicheskogo universiteta*, 2021, no.1(85), pp. 47-55. (In Russian).

6. **Orlova N.** Problemy' razvitiya navy'kov obshheniya doshkol'nikov s narusheniyami zreniya v igre [Problems of developing communication skills of visually impaired preschoolers during the game activities]. *Koncept*, 2015, no.9, pp. 1-8. (In Russian).

7. **Orlova E.V.** Osobennosti rechevogo razvitiya detej s narusheniyami zreniya [Peculiarities of speech development in visually impaired children]. *Special'noe obrazovanie*, 2004, no.2, pp.36-38.8. (In Russian).

8. **Kosnik C., Beck C., Goodwin A.** Lin. Reform Efforts in Teacher Education. *International Handbook of Teacher Education*, 2016, vol.1, pp. 267-308.

9. **Furyaeva T.V.** Modeli inklyuzivnogo obrazovaniya: uchebnik dlya vuzov [Models of inclusive education: textbook for higher education institutions]. 2nd ed. Moscow, Izdatel'stvo Yurajt, 2023, 176 p. (In Russian).

10. **Ispambetova G., Alimkhanov Y., Madiyeva G. et al.** Accessibility of inclusive higher education through the eyes of students with disabilities. *Astra Salvensis*, 2018, 6 (1), pp. 505-515.

Авторлар туралы мәлімет:

Мурзатаева Алтынай Канатовна* – психология магистрі, **Әлкей Марғұлан** атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жоғары педагогика мектебінің оқытушы-сарапшысы, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Ломов к-сі, 179/2, тел. 87021677837; e-mail: muzataeva74@mail.ru.

Абильдинова Сания Сатыбаевна – педагогика және психология білім беру бағдарламасының магистранты, **Әлкей Марғұлан** атындағы Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ., Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Камзин к-сі, 364, тел. 87753533525; e-mail: abildinova-saniya@mail.ru.

Кударина Асель Сейдығалиевна – педагогика ғылымдарының магистрі, **Е.А.Бөкетов** атындағы Қарағанды университетінің арнайы және инклюзивті білім беру кафедрасының аға оқытушысы, Қазақстан Республикасы, 100000, Қарағанды қ., Орбита-1-16, тел.87757468970; e-mail: aselya_aronova@mail.ru.

Нұрмағамбетова Ботагөз Амангелдіқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, **Әлкей Марғұлан** атындағы Павлодар педагогикалық университетінің жоғары педагогика мектебінің профессоры, Қазақстан Республикасы, 140000, Павлодар қ., Естай к-сі, 46, тел. 87015713892; e-mail: botagoz_2211@mail.ru.

Мурзатаева Алтынай Канатовна* – магистр психологии, преподаватель-эксперт высшей школы педагогики Павлодарского педагогического университета имени **Әлкей Марғұлан**,

Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Ломова 179/2, тел. 87021677837; e-mail: muzatayeva74@mail.ru.

Кударина А.С. – магистр педагогических наук, старший преподаватель кафедры специального и инклюзивного образования Карагандинского университета им. Е.А.Букетова, Республика Казахстан, 100000, г.Караганды, Орбита-1-16, тел.87757468970; e-mail: aselya_aronova@mail.ru.

Абильдинова С.С. – магистрант образовательно программы педагогика и психология, Павлодарский педагогический университет имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Камзина 364, тел. 87753533525; e-mail: abildinova-saniya@mail.ru.

Нурмагамбетова Ботагоз Амангельдиновна – кандидат педагогических наук, профессор высшей школы педагогики Павлодарского педагогического университета имени Әлкей Марғұлан, Республика Казахстан, 140000, г. Павлодар, ул. Естая 46, тел.87015713892; e-mail: botagoz_2211@mail.ru.

Murzatayeva Altynay Kanatovna* – Master of Psychology, Lecturer-expert of the Higher School of A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 140000 Pavlodar, 179/2 Lomov Str., tel.: 87021677837, e-mail: muzatayeva74@mail.ru.

Abildinova Saniya Satybayevna – Master student, Pedagogy and psychology program, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 140000 Pavlodar, 364 Kamzin Str., tel.: 87753533525, e-mail: abildinova-saniya@mail.ru.

Kudarinova Assel Seidygalievna – Master of Pedagogical Sciences, Senior Lecturer of the Department of special and inclusive education, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100000 Karaganda, Orbita-1-16, tel.: 87757468970, e-mail: aselya_aronova@mail.ru.

Nurmagambetova Botagoz Amangeldinovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor of the Higher School of Pedagogy, A.Margulan Pavlodar Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 140000 Pavlodar, 46 Yestai Str., tel.: 87015713892, e-mail: botagoz_2211@mail.ru.

УДК 796.015

МРНТИ 77.03.05

https://doi.org/10.52269/22266070_2023_4_217

ТЕНДЕНЦИИ В ОТНОШЕНИИ К КУЛЬТУРЕ ЗДОРОВЬЯ И ФИЗИЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЁЖИ СЕВЕРНОГО КАЗАХСТАНА

Огиенко Н.А.* – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры теории и практики физической культуры и спорта, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Кифик Н.Ю. – кандидат педагогических наук, и.о. ассоциированного профессора кафедры теории и практики физической культуры и спорта, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Мальшакова В.В. – старший преподаватель кафедры – теории и практики физической культуры и спорта, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Казахстан.

Данное исследование было направлено на оценку уровня сформированности здорового образа жизни среди студенческой молодёжи Северного Казахстана. Исследование проводилось в рамках многолетнего проекта «Здоровье и поведение учащейся и студенческой молодёжи» на базе Костанайского регионального университета имени Ахмет Байтұрсынұлы.

На данном этапе исследования в целевую группу вошло 515 человек 1-5 курсов ВУЗов Костанайского региона. В статье представлены и проанализированы результаты, которые сопоставлены с данными предыдущего этапа мониторинга, полученными авторами в 2010-2011 году, в рамках данного проекта, где принимало участие 642 студента 1-5 курсов ВУЗов Костанайского региона. Проанализированы как отрицательные, так и положительные тенденции с охватом данных за последние 12 лет. Для анализа полученных данных использовалось программное обеспечение SPSS версии 27.0.

В результате был сделан вывод об общем снижении культуры здоровья студенческой молодёжи, обозначены отдельные составляющие, такие как, например, табакокурение, потребление наркотических веществ, понижена стрессоустойчивость и другие, на которые необходимо обратить внимание, что подчёркивает актуальность исследования и позволяет более конкретизировано подходить к вопросам профилактики негативных факторов, и более глубокого исследования в определённых сферах жизнедеятельности молодёжи Северного Казахстана.